

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Зейнетақы жинағыңызды қалай қадағалауға болады? Ол не үшін қажет?

Зейнетақы төлемдерінің жинақтаушы құрамдауыш бөлігі зейнетақы жинақтарының сомасына тікелей байланысты. Ал зейнетақы жинағы тұрақты және толық көлемде жүзеге асырылып отыратын зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылады. Жарналар инвестициялық кіріс есебінен ұлғаяды. Ай сайын, тұрақты түрде аударылып отырған жарналар - 1998 жылдан бергі еңбек өтілінің растамасы. Себебі, бюджет қаражаты есебінен берілетін зейнетақы түрлерін есептеуге негіз ретінде дәл осы көрсеткіш алынады. Зейнетақы жинақтарыңызды қалай бақылауға болады?

Жеке кабинет - ең ыңғайлы тәсіл

Қазір БЖЗК-да қандай да бір жарна түрі бойынша шот ашқан кезде шоттардың жай күйі туралы ақпарат алу тәсілі ретінде әдетте enpf.kz сайтындағы немесе БЖЗК/ЕНПФ ұялы қосымшасындағы жеке кабинет айқындалады. Мұндай мүмкіндік шоттары бұрын ашылған тұлғаларға да берілген. Жеке кабинет арқылы алғаш рет жүгінген кезде қарапайым тіркеу үдерісінен өтсеңіз жеткілікті.

Шоттардың жай-күйі туралы ақпаратты жеке кабинет арқылы алу - ең ыңғайлы, сенімді, жедел және қолжетімді әдіс. Айта кетейік, "Жеке кабинет" қызметін пайдалану бойынша [толық нұсқаулықпен](#) БЖЗК/ЕНПФ YouTube-арнасынан танысуға болады.

Сондай ақ салымшылар шоттардың жай-күйі туралы ақпаратты egov.kz электрондық үкімет порталы арқылы ала алады.

Егер сіз үзінді көшірмені әлі де электрондық немесе дәстүрлі пошта арқылы күтіп жүрсеңіз...

Егер салымшылар (алушылар) бұрын ақпарат алудың "электрондық пошта арқылы" немесе "пошта байланысы қызметтері арқылы" тәсілдерін таңдаған болса, онда шот иелері бұл тәсілдерді өз бетінше (жеке кабинет немесе БЖЗК кеңсесі арқылы) өзгертпейінше әрекет ететін болады.

Оның өзінде Сіз шоттарыңыздың жай-күйі туралы ақпаратты өзекті электрондық немесе тұрғылықты мекенжайыңыз БЖЗК ақпараттық жүйесінде көрсетілген жағдайда ғана аласыз.

Есіңізде болсын, заңнамаға сәйкес, электрондық немесе тұрғылықты мекенжайыңыз өзгерген жағдайда, бұл туралы БЖЗК-ға 10 күнтізбелік күн ішінде хабарлауыңыз қажет. Олай болмаған жағдайда, бұрынғы мекенжайыңыз бойынша жіберілген хабарлама (үзінді көшірме салынған конверт) БЖЗК-ға қайтарылады және одан кейінгі уақытта Қор салымшыдан (алушыдан) жаңа мекенжайы туралы хабар алғанға дейін жіберілімді (жеткізуді) жүзеге асырмайды.

Электрондық немесе тұрғылықты мекенжайды қоса алғанда, өз деректемелеріңізді БЖЗК сайтындағы немесе ұялы қосымшасындағы жеке кабинетте де өзектендіруге болады.

Өз шоттарыңызды үнемі қадағалап отырғаныңыз жөн. Ол зейнетақы жинақтарыңызды ұлғайту бойынша қажетті қадамдар жасау үшін өзіңіздің зейнетақы құқықтарыңызды объективті бағалауға және жалақыңыздан ұсталатын, сондай-ақ жұмыс берушілер өз есебінен БЖЗК-ға аударатын жарналардың уақытылы жүзеге асырылуын, тұрақтылығы мен дұрыстығын, толықтығын тексеруге мүмкіндік береді.

Бүгінгі бақылау – берекелі болашағыңызға сенімділік!

Статистика. 2024 жылдың желтоқсан айының басында басым көпшілік — шамамен 11,5 млн адам enpf.kz сайтындағы және БЖЗК/ЕНПФ ұялы қосымшасындағы жеке кабинет арқылы онлайн режимінде (әлемнің кез келген жерінен 24/7) ақпарат алу тәсілін таңдады. Барлық шоттар мен зейнетақы активтері БЖЗК-ға біріктірілген 2014 жылдан бастап, ақпаратты интернет арқылы алу тәсілін таңдаған салымшылардың (алушылардың) саны 30 еседен көп мөлшерге артты.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).